

**"Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1563 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 1022 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 567 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 567 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1563 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 3, 46-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларында:

реттік нөмірі 23-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

23.	Автомашина, (сыйымдылығы 500-600 литр) дезинфекциялау қондырғысы	бірлік	1	0
-----	------------------------------------------------------------------	--------	---	---

»;

реттік нөмірі 51-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

51.	Жануарлардың өлексесін және биологиялық материалдарды өртеуге арналған құрылғы (стационарлық және/немесе жылжымалы және/немесе гидравликалық тиегіші бар, жүріп өту мүмкіндігі жоғары автомашинаның шассиіндегі жылжымалы)	бірлік	1	1 (қажетті бойынша)
-----	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------	---	---------------------

»;

реттік нөмірі 53-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

53.	Мал тасымалдауға арналған техника (мал тасымалдайтын автокөлік, тіркеме)	дана	1	1 (қажетті бойынша)
-----	--------------------------------------------------------------------------	------	---	---------------------

»;

реттік нөмірі 54-жол алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК